

2005 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша  
банктік емес ұйымдардың  
ағымдағы жағдайы

2004 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша республикада 83 кредиттік серіктестік қызметін жүзеге асыруда, оның ішінде 50 ауылдық кредиттік серіктестік; жұмыс істеп тұрған кредиттік серіктестіктердің 64-і Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысын іске асыру шеңберінде құрылды; 75 ломбард және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге 46 ұйым, оның ішінде 3 ипотекалық компания.

№№	Ұйымның атауы	01.01.2004	01.01.2005
1	Кредиттік серіктестіктер	52	83
2	Ипотекалық компаниялар	2	3
3	Ломбардтар	66	75
4	Басқа ұйымдар	39	43
	<b>Жиынтығы</b>	<b>159</b>	<b>204</b>

**Активтер.** 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік серіктестік активтерінің жиынтық мөлшері жыл басымен салыстырғанда 10129 млн. теңгені құрап, 2004 жыл басымен салыстырғанда 121,7%-ке ұлғайып, 5610 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар – 75,3% және банктердегі салымдар – 11,3% алып отыр, банк аралық кредиттердің және бағалы қағаздар портфелінің үлесі елеусіз болды.

Ипотекалық компаниялардың жиынтық активтері жыл басынан 24 257 млн. теңгеге немесе 164,5 %-ке ұлғайып, 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 39 005 млн. теңге болды. Ипотекалық компаниялар активтерінің құрылымында үлкен үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар (90,2%) және бағалы қағаздар портфелі (7,7%) алып отыр.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері жыл басымен салыстырғанда 17,4%-ке ұлғайып, 14 329 млн. болды және 2005 жылдың 1 қаңтарында 96 593 млн. теңгені құрады. Жекелеген банк операцияларының жүзеге асыратын ұйымдардың активтерінің құрылымында займның үлкен үлесін заңды және жеке тұлғалар құрап отыр-41,3%.

(млн. теңгемен)

№№	Атауы	01.01.2004	01.01.2005	
		Активтер	Активтер	Өсім (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	4 609	10 219	121,7
2	Ипотекалық компаниялар	14 748	39 005	164,5
3	Ломбардтар *	2 002	*	*
4	Басқа ұйымдар **	82 264	96 593**	17,4**

**Кредиттік портфель.** 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік серіктестіктердің кредиттік портфелі құрылымында елеулі бөлікті стандартты кредиттер алып отыр, олардың үлесі 82,4% болды. Өткен жылдың он бір айында кредиттік серіктестіктердің стандартты кредиттер үлесінің азаюы байқалып отыр (66,8%-тен 82,4%-ке

дейін). Сонымен бірге күмәнді кредиттердің үлесі 30,7%-тен 17,4%-ке дейін, үмітсіз кредиттер үлесі– 2,5%-тен 0,2%-ке төмендеді.

Ипотекалық компаниялар бойынша стандартты кредиттердің үлес салмағы 99,1%, күмәнді - 0,9%, үмітсіз - 0,2% болды. Ипотекалық компаниялардың кредиттік портфелі ағымдағы жыл басынан елеусіз өзгерді, мұнда стандартты кредиттердің үлесі 99,0%, күмәнді 0,9%, үмітсіз 0,1% болды.

2005 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, басқа жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын өзге ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі - 89,5%, күмәнді – 9,6%, үмітсіздер – 0,9 % болды. Өткен жылдың басында жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың кредиттік портфелі төмендегідей болып көрінді; стандартты – 91,4%, күмәнді-7,8%, үмітсіздер-0,8%.

(млн. теңгемен)

№№	Атауы	01.01.2004	01.01.2005	
		Заемдар	Заемдар	Өсім (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	3 603	8 367	132,2
2	Ипотекалық компаниялар	12 522	35 307	182,0
3	Ломбардтар *	1 088	*	*
4	Басқа ұйымдар **	36 934	50 252**	36,1**

2004 жылдың қаңтар айынан бастап қараша айына дейінгі кезеңде кредиттік серіктестіктердің жиынтық **міндеттемелерінің** жалпы сомасы 3 169 млн. теңгеге немесе 123,0%-ке ұлғайып, 2005 жылдың 1 желтоқсанына 5 746 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік міндеттемелері өсімінің барынша елеулі бабы алынған заемдар болып табылады. Сөйтіп, 2004 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі 62,9%-тен 80,7%-ке дейін өсті.

Ипотекалық компаниялар бойынша міндеттемелердің жиынтық мөлшері 2004 жылдың он бір айында 22 411 млн. теңгеге немесе 191,1%-ке ұлғайып, 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 34 139 млн. теңге болды. Мұндайда ипотекалық компаниялардың міндеттемелер құрылымында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар (83,0%) және басқа банктерден алынған заемдар (12,7%) басым болғанын атап өткен жөн.

2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап, өзге жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын басқа ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері жыл басынан бастап, 3 805 млн. теңгеге немесе 5,4%-ке өсіп, 73 879 млн. теңге болды.

(млн. теңгемен)

№№	Атауы	01.01.2004	01.01.2005	
		Міндеттемелер	Міндеттемелер	Өсім (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	2 577	5 746	123,0
2	Ипотекалық компаниялар	11 728	34 139	191,1
3	Ломбардтар *	1 601	*	*
4	Басқа ұйымдар **	70 074	73 879**	5,4**

**Капитал.** Кредиттік серіктестіктердің балансы бойынша жиынтық меншікті капитал 2004 жылдың он бір айында 2 441 млн. теңгеге немесе 120,1%-ке ұлғайып, есепті күнге 4 473 млн. теңге болды. 2004 жылдың қараша айында ұлғаю 111 млн. теңге немесе 2,6% болды.

Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы жыл басымен салыстырғанда 1 847 млн. теңгеге немесе 61,2%-ке ұлғайып, 2005 жылдың 1 желтоқсанына 4 867 млн. теңге болды.

2005 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын басқа ұйымдардың меншікті капиталының жиынтық көлемі жыл басынан бастап 10 524 млн. теңге немесе 86,3%-ке өсіп, 22 714 млн. теңге болды.

(млн. теңгемен)

№ №	Атауы	01.01.2004			01.01.2005		
		Меншік ті капитал	Оның ішінде		Меншікті кап-л	Оның ішінде	
			Жарғыл ық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)		Жарғыл. Капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)
1	Кредиттік серіктестіктер	2 032	1 797	172	4 473	23 164	183
2	Ипотекалық компаниялар	3 020	2 540	315	4 867	3 770	687
3	Ломбардтар	400	428	-116	*	*	*
4	Басқа ұйымдар	12 190	8 972	948	22 714**	17 669**	1 325**

\* Ломбардтар есепті жылдық негізде береді.

\*\* банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есепті тоқсан сайынғы негізде береді.